

## БАЛА ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР

*Тоқатов Р.А., Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің аға оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі,  
Азарбакытова И. Ж., Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің 2 курс студенті*

*Балам деген жұрт болмаса – жұрттым  
дейтін бала қайдан шықсын.  
Ахмет Байтұрсынов*

Адам құқықтарын қорғау, оның сақталуын қамтамасыз ету, кез келген мемлекеттің міндеті болып табылады. Әсіресе, осы тұрғыда баланың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мемлекет үшін өте маңызды болып табылады. Оған дәлел, тәуелсіз жылдарында Қазақстан балалар құқығын қорғау бойынша негізгі халықаралық құжаттарды ратификациялады. Мысалы, бүкіл әлем бойынша бала құқықтарын қорғауға бағытталған негізгі құжат – Бала құқықтары туралы конвенция. Ол БҰҰ Бас Ассамблеясымен 1989 жылы 20 қарашада қабылданды. Бала құқықтары туралы конвенцияны 193 ел, оның ішінде Қазақстан 1994 жылы 8 маусымда бекітті [1]. Сонымен қатар, Бала құқықтары туралы конвенцияның негізгі қағидаттары мен нормалары Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қылмыстық кодекс, Қылмыстық іс-жүргізу кодексі мен Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінде ескеріледі, сондай-ақ, азаматтық, отбасылық және басқа да құқық салаларында көрініс табады.

Сонымен қатар, «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» заңы баланың Қазақстан Республикасының Конституциясында кепілдік берілген негізгі құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруға байланысты туындайтын қатынастарды реттейді. Осылайша, барлық балалар жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне, денсаулық жағдайына және басқа да жағдайларға қарамастан тең құқықтарға ие. Некеден тыс және некесіз туған балалар тең және жан-жақты қорғауға ие [2].

Қазіргі кезде Қазақстандағы ең өзекті мәселелердің бірі жаңа туылған баланы тастап кету. Балаларды далаға, қоқыс жәшіктеріне, әжетханаларға тастап кету деректері жиі кездесіп жатыр. Жылдың басынан бастап елімізде бала тастап кету туралы 1500 астам дерек тіркелген деп хабарлайды ҚР Бас прокуратурасы. Елімізде көптеген кәмілет жасына толмаған қыздар ерте жастан жүкті болып қалу факторы да мемлекет басшыларын алаңдатып отыр. Көбінесе жаңа туған сәбилерді далаға тастап кетуге жас жеткіншектер барады екен.

Бүкіл әлем бойынша балаларға қатысты негізгі орын алып отырған мәселелердің бірі – қайыршылықпен айналысуға мәжбүрлеу болып табылады. Сонымен қатар, көп елдерде балалардың жоғалуыда көбінесе сол себепке байланысты, мысалы балаларды ұрлап, қайыршылықпен айналысуға мәжбүрлейді. Шет елдерден мысалы, Үндістанда жыл сайын шамамен жарты миллион бала жоғалып кетеді [3]. Джиллиан Кинан Нью-Йорк қаласындағы журналистің бір мақаласында келтірілендей, осы балалардың көпшілігі ұрланған және ұйымдасқан қылмыстық топтар үшін ақша табуға мәжбүр. ЮНИСЕФ, Human Rights Watch және АҚШ Мемлекеттік департаменті сияқты ұйымдардың мәліметтеріне сәйкес, бұл балаларға тапқан ақшаны өздеріне қалдыруға, сонымен қатар мектепке баруға тыйым салады. Оларға тамақ жиі берілмейді, себебі олардың аш болып, көпшілік адамдардың аяушылық сезімін тудыруымен, көп қайырымдылыққа ие болады. Мүгедек балалардың дені сау балаларға қарағанда көбірек ақша әкелетіндіктен, қылмыскерлер балаларды қасіретке айналдыру арқылы өз табысын көбейтеді - баланың көзін ойып, бетіне қышқыл құяды немесе аяқтарының біреуін кесіп тастайды. Бұл тек Үндістанда ғана емес. Боливияда, Филиппинде, Бангладеште, Сенегалда, Пәкістанда, тіпті Австрияда және Еуропадағы басқа елдерде, сондай-ақ АҚШ-та балалардың ұйымдасқан қылмыстық топтардың пайдалануына қатысты қасіретті оқиғалар байқалады. Сондықтан, біз балаға көмек ретінде берген ақшаларымыз, қылмыскердің қолына түсетінін білуіміз қажет. Қытайдың Шэньчжэнь қаласында өткен, АҚШ Мемлекеттік департаментінің баяндамасында, егер баланы қайыр сұрауға мәжбүрлесе, жылына 40 мың долларға дейін пайда табуға болатынын мәлімдеді [4]. Бұл бір жақсы табыс әкелетін бизнеске айналды десекте болады.

Қазақстанда да бұл жағдай үлкен орын алады. Бұл жағдайда кәмелетке толмағандардың басқа адамдардан ақша, азық-түлік, киім және өзге де өзге мүлікті сұрауға байланысты қоғамға жат әрекеттер жасауға мәжбүрлеуі қарастырылады. Мұндай зорлық-зомбылық жасөспірім тұлғаның қалыптасып, дамуына кедергі келтіріп, нәтижесінде қаншама баланың құқығы бұзылады.

2017 жылы Қарағанды облысының Ішкі істер департаментінің қызметкерлері құқық бұзушылықтарға бейім, міндетті орта білім алудан жалтарған балаларға қатысты рейд жүргізді [5]. Рейдтің нәтижесінде полиция қызметкерлері кәмелетке толмаған балалардың «Шығыс», «Алтын Арба», «Самал», сондай-ақ «Грандстор» сауда орталығы және Б.Жырау даңғылындағы «Таир» сауда үйі маңында қайыршылықпен айналысып жүргенін мәлімдеді. Бұл әлі күнге дейін Қылмыстық заңда көзделген жазалардың дұрыс іске аспайтынын көрсетеді.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 133-бабына сәйкес, кәмелетке толмаған баланы ата-анасы қайыршылықпен айналысуға тартса, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, бес мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір мың екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Егер бірнеше рет не күш қолданып немесе оны қолдану қатерін төндіріп жасалған іс-әрекеттер - белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, үш жылдан алты жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады [6].

Ал мысалы, Испанияның Қылмыстық кодексінің 233-бабы бойынша, қабілетсіз адамдарды немесе кәмелеттік жасқа толмағандарды қайыр сұрауға ұсынатын болса немесе жасырын пайдаланатын болса, алты айдан бір жылға дейін бас бостандығынан айырылады. Егер бұл іс-әрекеттер кәмелетке толмағандарға немесе қабілетсіз адамдарға, қатыгездікпен немесе қорқытумен, денсаулығына зиян келтіретін заттардың жеткізілуімен қатар жүрсе, онда олар бір жылдан төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айырылады [7]. Сингапур еліндегі «Балалар мен жастар» туралы заңның 6-бабына сәйкес, кез келген тұлға кәмелеттік жасқа толмаған баланы қайыр сұрауға пайдаланатын болса, 2000 \$-дан аспайтын айыппұл төлейді немесе 12 айдан аспайтын мерзімге бас бостандығынан айырылады [8]. Францияның Қылмыстық кодексінің 227-баптың, 20-тармағына сәйкес кәмелеттік жасқа толмаған балаларды қайыршылықпен айналысуға тарту, екі жыл бас бостандығынан айыру мен 300 000 франк айыппұл төлеу жазалары қолданылады. Егер он бес жасқа дейінгі кәмелеттік жасқа толмаған балалар болса, осы бапта айқындалған қылмыстық әрекет үшін үш жылға бас бостандығынан айыру мен 500 000 франк айыппұл төлеу жазалары қолданылады [9]. Ресей мемлекетінің Қылмыстық кодексінің 151-бабына сәйкес, ата-ана кәмелеттік жасқа толмаған балаларды қайыр сұрауға тартатын болса, екі жылдан төрт жылға дейін бас бостандығынан шектеу, не төрт айдан алты айға дейін қамауға алу, не бес жылға дейін бас бостандығынан айыру жазалары қолданылады [10].

Көп жағдайларда осындай ата-аналардың құқық бұзушылық әрекетіне баруы, тұрмыстық жағдайы нашар болуы себеп болады, яғни ақшаның тарлығынан осындай әрекеттерге барады. Қазақстан Республикасының конституциясының 27-бабының 1-тармағына сәйкес неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады делінген [11]. Сол себептен, бұл мәселеге мемлекет басты назар аударуы тиіс.

Қайыршылық – ең алдымен кедейліктің нәтижесін көрсетеді, сондықтан бұл проблеманы шешу жолдарына тоқтала кетейік:

- Жағдайы жоқ отбасыларға мемлекет жағынан баспана берілгені дұрыс болар еді. Финляндия мемлекетін мысалға келтіретін болсақ, оларда философия «Housing First», яғни «Бірінші – үй» бағдарламасы жүргізіледі. Философия, 2008 жылдан бастап ұлттық бағдарламаның мәртебесіне ие. Осы бағдарлама арқылы қаншама баспанасыз, жағдайы жоқ адамдарға үй берілді [12].

- Кедей балалардың жұмыс істейтін орны, көп жағдайда денсаулығына зиян, өміріне қауіпті болып келеді. Демек, оларды Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі балаларға арналған еңбек түрлерімен қамту керек.

- Негізгі қажеттіліктерге қол жеткізу. Мысалы барлық балаларға азық-түлік, киім, санитария, баспана, білім берілуі тиіс.

- Мұндай балалар жағдайы жоқ отбасыдан шыққанын ескеріп, балаларға жеке куәлік алуға жеңілдіктер жасау керек. Бұл өздерінің банк шоттарын ашуға, оқуға түсуге және т.б. көмектеседі.

- Үкімет балаларды тиісті дәрігерлік қызметпен, сондай-ақ кеңесшілер мен әлеуметтік қызметкерлермен қамтамасыз етуі керек.

- Ауылдық және қалалық жерлерде кедей балаларға арналған мектептер ашылып, сонымен қатар баланың сабақ үлгеріміне қарай, оған стипендия формасында төлемақы төленуі дұрыс деп ойлаймыз.

Осы жоғарыда аталып өткен ұсыныстарды басшылыққа ала отырып, тағы да біршама өзгерістерді заңнамаға енгізуді қалаймыз:

➤ ҚР "Неке және отбасы" кодексінің 79-бабында [13], қандай жағдайда және қандай мерзімге дейін ата-ана құқықтарын шектейтіні көрсетілмеген. Ата-ана кәмелеттік жасқа толмаған баланы қайыршылыққа мәжбүрлейтін болса, ата-ана құқығынан шектеу жазасы қолданылғаны дұрыс болар еді.

➤ ҚР "Неке және отбасы" кодексінің 75-бабында [13] көрсетілген балаға қарсы құқық бұзушылық түрлерінің қатарына, ата-ананың кәмелеттік жасқа толмаған баланы қайыршылық айналысуға мәжбүрлеу деген заңға қайшы әрекетті қосу, бұл жағдайда да ата-ана құқықтарынан айырылуы тиіс.

➤ Кәмелетке толмаған баланы қаңғыбастықпен немесе қайыршылықпен айналысуға тартудың жазасы, ҚР Қылмыстық кодекстің 133-баптың [6] нормаларымен реттеледі. Алайда, кәмелеттік жасқа толмаған баланы қайыршылықпен айналысуға мәжбүрлеудің бөлек жазасы реттелмеген. Бұл заңсыз әрекет кәмелетке толмаған баланы қоғамға жат әрекеттер жасауға тартудан түбегейлі ерекшеленеді. Сондықтан, заңнамаға кәмелеттік жасқа толмаған баланы қайыршылықпен айналысуға тарту жазасын бөлек нормада қарастыру керек. Сонымен қатар осы ҚР Қылмыстық кодексінің 133-баптың 1-тармағында кәмелеттік жасқа толмағандарды қайыршылықпен айналысуға «тартуды» көздейді, бірақ бұл ұғым кішкентай айлық балаға немесе науқас балаға, яғни қайыр сұрауға қатыса алмайтын балалардың құқықтарын қорғамайды. Себебі, олар өздерінің және басқа адамдардың әрекеттерін тани алмайды. Сондықтан, кәмелеттік жасқа толмағандарды «тарту» деген ұғымның орнына, «пайдалану» деген ұғымы дұрыс келеді.

➤ Мұндай заңсыз әрекеттерге қайта оралмау үшін, ата-аналарды жұмысқа тартуды ұсынамыз. Кедей отбасылардың жағдайын көтеру қажет. Мысалы, Қытай үкіметі кедейлікпен күресу мақсатында ауқымды бағдарлама қабылдады. Бұл бағдарламаның негізгі мақсаты, 2020 жылда мемлекеттегі тұрғындардың кедейлік деңгейін біршама азайту. Яғни оларды жұмыспен қамтамасыз ету. Мысалы, алыс және қол жетімсіз аудандарға жоғары білікті мамандар жіберу. Бұған қоса, ең кедей аудандарында, соның ішінде Ресеймен шекаралас Ішкі Моңғолия автономиялық аймағында, жергілікті ерекшеліктерді есепке ала отырып индустрияландыруды жүзеге асыру. Осылайша, Ішкі Моңғолия автономиялық аймағында тамақ өнеркәсібі (ет және сүт), тау-кен (көмір, полиметалл кендері, мұнай және газ), химиялық және машина жасау кешені әзірленетін болады. Сонымен қатар, кедей аудандарда жаңа жұмыс орындарын құрылып, кәсіптік даярлау мен қайта даярлау жүйесі жұмыс істейтін болады [14]. Осылайша бізге де кедейліктің мәселесін шешудің бірден-бір жолы, осылай адамдарды бос жібермей, жұмыспен қамту деп ойлаймыз.

➤ «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» заңда көрсетілгендей кәмелетке толмаған бала арнаулы білім беру ұйымына бір айдан бір жылға дейінгі мерзімге жіберілуі мүмкін [15]. Мысалы, Теміртау қаласында Кәмелеттік жасқа толмағандарды бейімдеу орталығы (ЦАН) бар [16]. Бұл мекемеде кәмелеттік жасқа толмаған 3-18 жас аралығындағы ата-ана қамқорынсыз қалған балаларды тәрбиелейді. Бұл мекемеден босатылғанан кейін баланың әрі қарай тағдыры не болатынын қарастыру керек. Себебі, арнаулы білім беру ұйымындағы бағдарламаның аяқталуынан кейін кәмелеттік жасқа толмаған баланың толығымен қоғамдағы өмірге бейімделіп кететінін көрсетпейді деп есептейміз.

Жалпы Республикада 20 кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығы жұмыс жасайды. Оның ішінде облыс орталықтарында - 13 орталық; Астана және Алматы, Семей, Жезқазған, Теміртау қалаларында - 5 орталық; өңірлік орталықтарда (Зырян және Риддер қк.) - 2 орталық; 2018 жылғы 1 тоқсан жағдайы бойынша кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарына 1688 бала келіп түскен, оның ішінде:

- 233 (13,8%) - ата-анасының қамқорлығынсыз қалғандар;
- 1422 (84,2%) - бақылаусыз және қадағалаусыз қалғандар;
- 21 (1,24%) - девиантты мінез-құлықты балаларға арналған арнайы ұйымдарға жіберілгендер;
- 12 (1,1%) - өмірдің қиын жағдайына тап болған кәмелетке толмағандар [17].

Қазақстан Республикасының ұлттық саясатының негізгі бағыттарының бірі балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау. Қоғам өмірінің сапасын арттыруға, әрине, бірінші кезекте – балалардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған Мемлекет басшысының «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына жолдауы осының дәлелі.[18] Ата-ананың қасиетті міндеті балаларына қамқорлық көрсету. Балалар келешек қоғам екенін жұрттың бәрі де біледі. Алайда, өкінішке орай, осы қарапайым түсінікті ата-аналар бәрі бірдей меңгере қоймаған. Сондықтан, күн сайын балаларға қамқорлық көрсетуді талап ететін адамгершілік

нормалармен қатар, заң ата-аналар үшін балаларға қамқорлық көрсету туралы құқықтық міндеттер белгілейді. Заң ата-аналардан балалардың заңды мүдделерін қанағаттандыруды талап етеді.

Балалардың құқықтарын қорғаудағы ата-аналардың заңды мүддесі:

- біріншіден — балалардың денсаулығы;
- екіншіден — олардың білім және мамандық алуына белсенді түрде қамқорлық жасау;
- үшіншіден — баланы адамдар, қоғам, мемлекет алдында азаматтық рухта тәрбиелеу болып табылады [19].

#### Қолданылған әдебиеттер:

- 1 «Бала құқықтары туралы Конвенцияны ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 8 маусымдағы қаулысы
- 2 [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/B940001400\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/B940001400_)
- 3 «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңы.
- 4 El-nacional сайт. [http://www.el-nacional.com/noticias/bbc-mundo/india-pais-donde-500000-ninos-desaparecen-cada-ano\\_227565](http://www.el-nacional.com/noticias/bbc-mundo/india-pais-donde-500000-ninos-desaparecen-cada-ano_227565)
- 5 ByJillian KeenanKeep the Change Slate сайт. <https://slate.com/human-interest/2013/09/giving-money-to-child-beggars-dont-do-it.html>
- 6 zakon.kz сайт. <https://www.zakon.kz/4852213-v-karagandinskoyj-oblasti-sbezhavshie.html>
- 7 Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі
- 8 <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>
- 9 Уголовный кодекс Испании[http://artlibrary2007.narod.ru/kodeks/ispanii\\_uk.doc](http://artlibrary2007.narod.ru/kodeks/ispanii_uk.doc)
- 10 Singapore statutes online plus. <https://sso.agc.gov.sg/Act/CYPA1993#pr6->
- 11 Франция мемлекетінің қылмыстық кодексі <http://law.edu.ru/norm/norm.asp?normID=1243018&subID=100104265,100104266,100104298,100105410,100105413,100105548,100105567>
- 12 "Уголовный кодекс Российской Федерации" от 13.06.1996 N 63-ФЗ (ред. от 03.10.2018) (с изм. и доп., вступ. в силу с 21.10.2018)
- 13 Қазақстан Республикасының Конституциясы. Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды.
- 14 Телеканал "Настоящее Время". <https://www.currenttime.tv/a/29091692.html>
- 15 Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы
- 16 Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі
- 17 Комсомольская правда. <https://www.kp.ru/daily/26446.4/3315993/>
- 18 «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 591 Заңы.
- 19 Справочник Контакт Plus. [https://www.kps.kz/temirtau/company/tsentr\\_adaptatsii\\_nesovershennoletnih\\_karagandinskoy\\_oblasti\\_kgu](https://www.kps.kz/temirtau/company/tsentr_adaptatsii_nesovershennoletnih_karagandinskoy_oblasti_kgu)
- 20 Балалардың құқықтарын қорғау саласындағы 2018 жылдың 1 тоқсанына арналған нәтижелер мен 2018 жылдың соңына дейінгі қызметтердің басымдықтары. <http://www.balakkk.kz/sites/default/files/upload/files/%D0%BA%D0%B0%D0%B7%D0%B0%D0%BA%D1%88%D0%B0%20%D0%BE%D1%82%D1%87%D0%B5%D1%82%281%29.pdf>
- 21 ҚР Президентінің Жолдауы-2017. «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік». <http://naryk.kz-2017/>
- 22 Махонин Б.А. Законодательство в области реализации права ребенка жить и воспитываться в семье. <http://www.usynovite.ru/bz/Legislation.html>